

"Өлшеу бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі түпкі ұйымдардың стандарттық үлгі туралы бірыңғай қағидасы" Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі № 36 күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 19 шілдедегі № 561 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Өлшеу бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесі түпкі ұйымдардың стандарттық үлгі туралы бірыңғай қағидасы» Қазақстан Республикасы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі № 36 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 277 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев):

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрықты баспа және электрондық түрде баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Қасымбек